

Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің 2008 жылғы 1 қыркүйектегі ағымдағы жағдайы

2008 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша республикада 14 жинақтаушы зейнетақы қоры жұмыс істеді. (бұдан әрі – қорлар). Зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға лицензиялар 2008 жылғы тамыз айында заңды тұлғаларға берілген жоқ.

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензия 13 заңды тұлғада бар, оның ішінде 9 қорда зейнетақы активтерін дербес басқаруға лицензия бар.

Есепті күнге 11 екінші деңгейдегі банк кастодиандық қызметті атқарды. Сонымен қатар, қорларға кастодиандық қызметті 6 екінші деңгейдегі банк көрсетті: «HSBC Банк Қазақстан» АҚ еншілес банкі, «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ, «ТұранӘлем Банкі» АҚ еншілес ұйымы - «Темірбанк» АҚ, «Еуразиялық Банкі» АҚ және «АТФ Банкі» АҚ.

Қорлардың салымшылары (алушылары)

Қорлар жинақтаушы зейнетақы жүйесіне республиканың экономикалық қамтылған халқын тартуды жалғастыруда, нәтижесінде салымшылардың жеке зейнетақы шоттарының (бұдан әрі – шот) саны үнемі өсіп келеді.

Сөйтіп, 2008 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша салымшылардың (алушылардың) міндетті зейнетақы жарналары бойынша жеке зейнетақы шоттарының саны 1 378,2 млрд. теңге жалпы жинақталған зейнетақы қаражаттары сомасымен 9 446 322 болды. Ағымдағы жылдың қаңтар-тамыз айларында міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылардың шоттарының саны 222 610 немесе 2,41% өсті, оның ішінде тамызда - 34 957 (0,37%).

2008 жылғы 1 қыркүйекте салымшылардың (алушылардың) шоттарының ең көп саны 4 қорда шоғырланды: «МЖЗҚ» - 25,64%, «Қазақстан Халық Банкі» - 21,82%, «ҰларҮміт» – 14,65% және «БТА Қазақстан» - 10,00% немесе олардың үлесіне барлық қорлар салымшыларының жалпы санының 72,11% келеді. Ағымдағы жылдың тамыз айында 4 қор бойынша үлес алдығы есеп беру айымен салыстырғанда 0,07 пайыздық тармаққа төмендеген.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) шоттарының саны тамыз айында 90 (0,22%) өсіп, 2008 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 932,2 млн. теңге жалпы жинақталған зейнетақы қаражаттары сомасымен 41 474 болды. Ағымдағы жылдың қаңтар - тамыз айларында ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) шоттарының саны 570 (1,39%) өскен. Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың шоттары барлық қорда болды.

2008 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) ең көп шот мынадай қорларда болды: «Сенім» – 45,65%, «Капитал» – 18,87%, «ҰларҮміт» – 14,12% және «АМАНАТ ҚАЗАҚСТАН» - 13,41% немесе 4 қордың үлесіне шоттардың жалпы санының 92,05% келеді.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың шоттары 2008 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 60,8 млн. теңге жалпы жинақталған зейнетақы қаражаттары сомасымен 4 019 болды. Ағымдағы жылдың қаңтар-тамыз айларында ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) шоттарының саны 171-ге (4,44%) ұлғайған. Ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылар екі қорда ғана болды: «ҰларҮміт» және «Қазақстан Халық Банкі».

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаттары

2008 жылғы 1 қыркүйекте салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаттары 1 383,3 млрд. теңгені құрады немесе 2007 жылғы 1 қыркүйегімен салыстырғанда

296,97 млрд. теңгеге немесе 27,34%-ға ұлғайған. Ағымдағы жылдың тамыз айында жинақталған зейнетақы қаражаттардың өсімі 8,9 млрд.теңге болды немесе осы жылдың шілде айында қалыптасқан өсімімен салыстырғанда 0,9 млрд. теңгеге көп.

Жалпы келіп түскен зейнетақы жарналары тамыз айында 21,7 млрд. теңгеге (2,04%) ұлғайып, 2008 жылғы 1 қыркүйекте 1 085,4 млрд. теңге құрады. 2007 жылғы қаңтар-тамыз айларындағы орташа айлық зейнетақы жарналарының түсімдері 17,5 млрд.теңге болғанда, ағымдағы жылдың қаңтар-тамыз айларында тиісінше 21,7 млрд.теңге немесе 24% өсімімен болды.

Салымшылар мен алушылардың шоттарына есепке алынған, зейнетақы активтерін инвестициялаудан болған «таза» инвестициялық кіріс сомасы тамыз айында 11,1 млрд. теңгеге (2,97%) азайып, 2008 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 360,97 млрд. теңге құрады.


Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаттары 2008 жылғы қаңтар-тамыз айларында мынадай көрсеткіштермен сипатталды:

Күні	(млрд. теңге)			Өсу қарқыны, (%-бен)
	1.01.08	1.09.08	Өсім сомасы	
Жинақталған зейнетақы қаражаттары сомасы	1 208,1	1 383,3	175,2	14,50
Зейнетақы жарналары	912,1	1 085,4	173,3	19,00
«Таза» инвестициялық кіріс	339,3	360,9	21,6	6,37
Жинақталған зейнетақы қаражаттары сомасындағы «таза» инвестициялық кірістің үлесі	28,09	26,09	-	2 пайыздық тармақ (төмендеу)

Келтірілген кестеден жинақталған зейнетақы қаражаттарының өсімі сомасы ағымдағы жылдың қаңтар-тамыз айларында 175,2 млрд.теңге құрағанын немесе өткен жылдың осыған сәйкес кезеңінде 22,1 млрд. теңге болғанда немесе 0,90%-ға төмендеуімен жинақталған зейнетақы қаражаттарының орташа айлық өсімі 21,9 млрд. теңгені құрағанын, көрсетеді.

2008 жылғы 1 қыркүйекте 14 қордың ішінде ең көп жинақталған зейнетақы қаражаттары сомасы 4 қорда болды: барлық қорлардың жинақталған зейнетақы қаражаттарының жалпы көлемінің «Қазақстан Халық Банкі» - 402,0 млрд. теңге (29,06), «ҰларҮміт» - 224,8 млрд.теңге (16,25%), «МЖЗҚ» – 227,8 млрд. теңге (16, 47%) және «БТА Қазақстан» - 163,3 млрд.теңге (11,8%) құрады немесе жиынтығында осы 4 қорға барлық жинақталған зейнетақы қаражаттарының 73,58% келеді. Есепті айда үлесі 0,22 пайыздық тармаққа төмендеген.

Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және жинақталған зейнетақы қаражаттарының өзгеру динамикасы (млрд. теңгемен)



Міндетті зейнетақы жарналарын уақтылы ұстамағаны және аудармағаны және жинақталған зейнетақы қаражаттарын бір қордан екінші қорға аударымдарды жүзеге асырмағаны үшін өсімпұл сомасы өсуде, ол 2008 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 8,8 млрд. теңге болды немесе алдыңғы есептік аймен салыстырғанда 1,97 өскен.

Зейнетақы төлемдері мен қорлардан сақтандыру ұйымдарына аударымдар 2008 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 83,3 млрд. теңге болды немесе, ағымдағы жылдың 1 тамызымен салыстырғанда 2,2 млрд.теңгеге (2,74%) өскен. 2007 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 5,5 млрд. теңге төленген кезде 2008 жылғы қаңтар-сәуір айларында қорлармен жалпы сомасы 10,2 млрд. теңге зейнетақы төлемдері жүзеге асырылғанда, 2008 жылғы қаңтар-тамыз айларында жалпы сомасы 20,2 млрд. теңге, немесе 2 есе көп зейнетақы төлемдері жүзеге асырылған.

Алушылардың жинақталған зейнетақы қаражаттарын зейнетақы аннуитеті шартына сәйкес сақтандыру ұйымдарына аудару 2008 жылғы қаңтар-тамыз айларында жалпы сомасы 177,6 млн. теңгеге 193 алушыға жүзеге асырылды.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі бойынша ақпаратты Агенттік сайтында орналастыру, сондай-ақ, қорлармен ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау салымшыларға (алушыларға) қорды өз бетімен таңдауға және зейнетақы заңнамасымен берілген жинақталған зейнетақы қаражаттарын бір қордан екіншісіне аудару құқығын пайдалануға мүмкіндік береді.


Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаттарын бір қордан екіншіге аудару тамыз айында 7,7 млрд. теңгеге (2,83%) өсіп, 2008 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 280,97 млрд. теңге болды. 2008 жылғы 1 қаңтармен салыстырғанда жинақталған зейнетақы қаражат аударымдары 71,2 млрд.теңгеге немесе 33,93%-ға өскен.

Қорлардың зейнетақы активтерінің құрылымы

2008 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-да инвестициялық басқарудағы зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі ағымдағы жылдың тамыз айында 8,1 млрд. теңгеге немесе 0,59%-ға ұлғайып, 1 381,4 млрд. теңге болды.

2007 жылғы 1 қыркүйектен бастап 2008 жылғы 1 қыркүйекке дейінгі кезеңде зейнетақы активтерінің орташа айлық өсуі 24,5 млрд. теңге болды.

Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы



Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің бөлінуі

ЗАИБЖАҰ / ЖЗҚ	зейнетақы активтері	
	млн. теңге	%-бен
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ еншілес ұйымы «Қазақстан Халық Банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	402 236	29,12
«Жетісу» ЗАИБЖАҰ» АҚ	243 459	17,62
«ҰларҮміт» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	222 042	16,07
«Қорғау» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	21 418	1,55
«МЖЗҚ» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	228 021	16,51
«ТұранӘлем Банкі» АҚ еншілес ұйымы «БТА Қазақстан» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	163 417	11,83
«GRANTUM Asset Management» ЗАИБЖАҰ» АҚ	81 486	5,9
«Грантум» Жинақтаушы зейнетақы қоры «Казкоммерцбанк» АҚ еншілес ұйымы)» АҚ	81 486	5,9
«Сенім» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ («Еуразиялық банк» АҚ еншілес ұйымы)	35 709	2,58
«Капитал»ЖЗҚ» – «Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес ұйымы» АҚ	46 960	3,4
«Отан» Ашық жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ («АТФ Банк» АҚ еншілес ұйымы)	38 196	2,77
«Нефтегаз – ДЕМ» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	44 537	3,22
«Нұр-Траст» ЗАИБЖАҰ» АҚ	33 900	2,45
«Атамекен» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ («Нұрбанк» Акционерлік қоғамының еншілес ұйымы)	33 900	2,45
«АМАНАТ ҚАЗАҚСТАН» Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» АҚ	29 267	2,12
«Қазақмыс» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	27 990	2,03
«RESMI Asset Management» ЗАИБЖАҰ» АҚ	6 183	0,45
«РЕСПУБЛИКА» Жинақтаушы зейнетақы қоры»АҚ	6 183	0,45
Барлық ЖЗҚ бойынша	1 381 362	100

2008 жылғы 1 қыркүйекте инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі ағымдағы жылдың тамыз айында 8,8 млрд. теңгеге немесе 0,65 %-ға ұлғайып, 1 370,5 млрд. теңге болды.

ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	01.09.2008ж.	
	млн. теңге	%
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде	355 658	25,95
ҚР еурооблигациялары	0	0,00
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	299 890	21,88
Ұлттық Банктің ноттары	55 768	4,07
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	195 057	14,23
акциялар	75 129	5,48
облигациялар	119 928	8,75
Шетел инвестициялық қорларының пайлары	0	0
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	0	0
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	35 725	2,61
Тазартылған алтын	6 483	0,47
ҚР мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде	587 976	42,90
акциялар	162 319	11,84
облигациялар, оның ішінде:	425 657	31,06
шетел валютасына номинирленген	3 691	0,27
теңгеге номинирленген	421 966	30,79
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	185 034	13,50
Туынды бағалы қағаздар	4 597	0,34
Жиынтығы	1 370 530	100

Келтірілген деректерден инвестициялық портфельде ең көп үлесті ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздар мен мемлекеттік бағалы қағаздар алады, олардың жалпы үлесі 68,85% құрайды.

Қорлардың номиналды кіріс коэффициенті туралы мәліметтер

2008 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің орташа алынған номиналды кіріс коэффициенттері мыналарды құрады:

- 2003 жылғы тамыз -2008 жылғы тамыз кезеңінде - 45,90%. Түзетілген орташа алынған номиналды кіріс коэффициенті - 41,65% (осыған ұқсас кезеңге жинақталған инфляция деңгейі – 65,35%);


- 2005 жылғы тамыз – 2008 жылғы тамыз кезеңінде - 30,71%. (осыған ұқсас кезеңге жинақталған инфляция деңгейі – 42,82%) болды;

- 2007 жылғы тамыз – 2008 жылғы тамыз кезеңінде - 6,58% (осыған ұқсас кезеңге жинақталған инфляция деңгейі – 20,10%).

Ағымдағы жылдың 1 қыркүйекте жинақтаушы зейнетақы қорларының номиналды кіріс коэффициентінің өсуі мыналарды құрады:

- номиналды кіріс коэффициенті бойынша 60 айда 2,36 базистік тармаққа төмендеген;
- номиналды кіріс коэффициенті бойынша 36 айда 2,69 базистік тармаққа төмендеген;
- номиналды кіріс коэффициенті бойынша 12 айда 1,83 базистік тармаққа төмендеген.

Қорлардың зейнетақы активтері мен номиналды кіріс коэффициенттерінің ара қатынасы



Қорлардың қаржылық жағдайы

2008 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша қорлардың жиынтық капиталы 32,4 млрд. теңгені құрады, оның ішінде жарғылық капитал - 10,1 млрд. теңге немесе жиынтық капиталдың көлемінен - 31,17%. 2008 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша активтердің жалпы сомасы 39,4 млрд. теңге құрады немесе ағымдағы жылдың тамыз айымен салыстырғанда 1,7 млрд. теңгеге (4,5%) өскен.

2008 жылғы қаңтар – тамызда 14 қордың ішіндегі 10 қор жалпы сомасы 3,8 млн. теңге пайда тапты (табыс салығын төлегеннен кейін), және 4 қор («ҰларҮміт», «АМАНАТ ҚАЗАҚСТАН», «Қазақстан Халық Банкі» және «Республика») жалпы сомасы 1,5 млрд.теңге зиян шекті. Жалпы қорлар бойынша ағымдағы жылдың қаңтар-тамыз айларында жалпы сомасы 2,3 млрд.теңге пайда табылды.

2008 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша қорлардың меншікті активтері есебінен қаржы инвестициялары 29,8 млрд. теңге құрады немесе қорлардың жиынтық капиталының 91,98% құрады.

Меншікті активтерін қорлар инвестициялардың жалпы көлемінен мемлекеттік бағалы қағаздарға - 35,77%, Қазақстан Республикасы эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарға - 34,88%, халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарына - 0,34%, «Кері «РЕПО» операцияларына - 15,73% инвестициялады, екінші деңгейдегі банк салымдарына - 9,97%, шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына – 3,15%, сондай-ақ, инвестициялық пай қорларына - 0,16% орналастырды.

Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролі

Экономикадағы зейнетақы секторының ролін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіштерінің динамикасы	1.01.04	1.01.05	1.01.06	1.01.07	1.01.08	1.09.08
ЖІӨ млрд. теңгемен (Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің деректері бойынша)	4 612,0	5 870,1	7 453,0	10 139,5	12 725,98	15 046,7
Жинақталған зейнетақы қаражаттарының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	7,99	8,24	8,70	8,97	9,49	9,19
Зейнетақы жарналарының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	5,99	6,48	6,88	6,74	7,17	7,21
«Таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	2,15	1,95	2,08	2,52	2,67	2,40
Қорлардың жиынтық капиталының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,14	0,14	0,16	0,20	0,23	0,22